# Жетісу университетіне 50 жыл!

ZHETYSU UNIVERSITY 1972

Jetisý ýnıversıteti

№2 (215)
25 aqpan
2022 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

**16 АҚПАН КҮНІ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ДАВРОНЖОН ГАИПОВ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ КЕЛДІ. ДЕЛЕГАЦИЯ ҚҰРАМЫНДА АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОР – АНДРЕЙ БОГДАНЧИКОВ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ – ДЖЕМАЛЬ ӨЗДЕМИР, МАРКЕТИНГ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ – БАҚЫТГҮЛ АМАНЖОЛҚЫЗЫ, САПА МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫ – ГҮЛНАЗ ТОҒЫЗБАЕВА БАР.**



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Екі университет арасындағы қарым-қатынасты әрі қарай нығайту мақсатымен келген өкілдер біздің оқу орнын аралап, №2 оқу ғимараты, Ғ.Орманов атындағы кітапхана, музей, «Іляистану» орталығы, білімгерлерге қызмет көрсету орталығы, Start Up академия, оқу телестудиясы, биотехнология, химия, биология зертханалары, Ә.Бектұрғанов атындағы сот залы, криминалистикалық оқу-жаттығу полигоны, студенттер үйіндегі гимнастика, тренажер залын, бассейн секілді бірқатар нысандарды көрді. Университет қызметін цифрландыру және автоматтандыру жұмысымен танысты.

Сонымен қатар, екі университет өкілдері презентация көрсетіп, оқу орындары жайында толық ақпарат алмасты. Қос тарап басшылары – Жетісу университетінің ректоры Қуат Маратұлы мен Сулейман Демирель атындағы университет ректоры Давронжон Гаипов кездесудің қорытындысы ретінде өзара ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды. Бұл құжатқа сәйкес екі оқу орны білім берудегі жаңа технологиялар туралы ақпарат алмасып, білімгерлер, оқытушылар және ғылыми кадрлар академиялық ұтқырлық бойынша бірлесе жұмыс істейтін болады.

Бұл ынтымақтастық туралы Қуат Маратұлы өзінің фб парақшасында «Облыстағы екі ірі университеттің өзара ынтымақтастығы өңірдегі еңбек нарығын реттеуге, маман тапшылығын жоюға үлес қосады деген сенімдемін»,– деп жазды.

## КНИЖНЫЙ ВОР



4 стр.

## ЕСЛИ ЕСТЬ МАШИНА ИЛИ SMART PARKING



6 стр.

## ҚЫЗ БАЛА - ХАЛЫҚТЫҢ ШЫРАЙЫ



7 бет











БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЕРЕЖЕСІН ГАЗЕТТІҢ 2-ШІ БЕТІНЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР



**Балхия ШӨМШЕКОВА,**
**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.**

# ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУ МӘНІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 21 қаңтарда ірі бизнес өкілдерімен кездескенде «Халықаралық сарапшылардың тұжырымдауынша, ел байлығының жартысын 162 адам иеленеді. Ал халықтың 50 пайызының табысы 50 мың теңгеден аспайды. Яғни, жылына 1300 доллардан сәл асатын ақша. Мұндай ақшаға өмір сүру мүмкін емес, сондықтан жағдайды тез арада өзгерту керек. Ел экономикасы өсімінің пайдасын тек элита, азғантай топ көріп отыр. Ал, қарапайым халықтың табысы жылдан жылға төмендеп барады. Бұл мемлекет қауіпсіздігіне төнген елеулі қатер» – дей келе «Қазақстан бойынша халық наразылығының басталуына түрткі болған басты мәселе – елдегі қымбатшылық, бағаның тұрақсыздығы, стратегиялық маңызы бар тауарлар мен өнімдер бағасының тым шарықтап кетуі» – деп, атап көрсетті.

Аталған мәселелерді шешу мен оны қаржыландырудың көзі ретінде, осыдан он бес жыл бұрын құрылған, ҚР әртүрлі саласындағы мемлекеттік активтерді басқаратын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қызметіне қаржылық талдау мен тексеру жүргізуден бастағаны орынды болды деген ойдамыз. Кезінде бұл ұйымды құрудаға басты мақсат ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілеттін арттыру болған еді. Соңғы уақытта оның құрамында «ҚазМұнайГаз», «Қазтрансойл», «Қазақстан темір жолы», «Қазатомпром», «Эйр Астана», «Самұрық-Энерго», «KEGOK» сынды ірі холдингтер топтасты. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызын құрайды. Демек, ол тиімді жұмыс атқарса, мемлекеттің экономикалық өсімі де қарқынды дамыған болар еді, бірақ үміт ақталмады.

Ал, әлемдік тәжірибеде, оның ішінде Сингапур, Оңтүстік Кореяда мемлекеттің қаржысы арқылы құрылған компаниялар, ірі холдингтер, елдің экономикасын жаңа деңгейге көтеріп, озық дамыған және бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына енуіне ықпал етіп отыр.

Бұрын Қазақстанда қалыптасқан экономикалық моделге сай, мемлекет бизнестің дамуына мүмкіндік беріп, ал олар жұмыс орындарын ашып, пайда әкелуі тиіс еді. Бірақ нәтиже жоқ. Сондықтан ҚР Пезидентінің «Ұлттық табыс құрылымындағы бизнес пайдасының үлесі 61,5 пайыз, салықтың үлесі – 7,3%, ал халықтың табысы соның тек үштен бірін – 31 пайызды құрап отыр», деп айтып, оны қайта қарастыру мәселесіне назар аударуы кездейсоқтық емес.

Сонымен бірге ел Президенті алдағы уақытта жаңа Қазақстанның экономикасын құру – ел тәуелсіздігін нығайтудың кепілі болатындығына баса назар аударып отыр. Оны шешу үшін бай мен кедей арасындағы алшақтықты азайту, олигополияға жол бермеу, жұмыссыздықты азайту, жою және жастар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу мен еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, әсіресе техникалық бағыттағы мамандықтарға мән беруге баса назар аударып отырғаны көңілге сенім ұялатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтарда жасаған мәлімдемесінің де еліміздегі саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларындағы өзекті мәселелерді шешу бойынша мәні зор. Онда жаңа Қазақстанды дамытудағы келесі бағыттар бойынша батыл шешімдер қабылданып, күн тәртібіне қойылды:

1)нарықтық қатынастарды тереңдете дамытуға бет бұру, ол үшін еліміздің экономиканың салаларында орын алып отырған монополиялық, олигополиялық билікті шектеу, нарық талабына сай еркін бәсекелестікті дамытуға жол ашу;

2) мемлекеттік, яғни қоғамдық қаржы ресурстары саласындағы түйткіл мәселелердің себептерін анықтау үшін мемлекеттік сатып алу саласын реттеу, бюджеттік қаражатты талан-таражға салуды тоқтатумен бірге «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының, Қазақстан даму банкінің, ұлттық компаниялар мен олардың еншілес кәсіпорындарына арнайы тексеріс жүргізу және тиімсіз қызметтерді қысқарту арқылы орын алып отырған әлеуметтік - экономикалық мәселелерді шешудің қаржылық көздерін анықтау, квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етудегі микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу;

3) отандық бизнеске қолдау көрсету, ауыл шаруашылығын қайта құру, еңбек өнімділігін арттыру;

4) кедендік қызметтің тазалығы мен ашықтығына, тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу, оның ішінде қазақ-қытай шекарасында орын алып отырған экономикалық-контрабандалық қылмыстарды жою;

- негізсіз салынатын салықтар мен қайда кетіп жатқаны түсініксіз төлемдерді жою;
- халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, ішкі стихиялық көші - қонды реттеу т.б. өткір мәселелердің шешім табу және жүзеге асыру.

Бұл жаңа бағыттар елімізді әлеуметтік-экономикалық қиындыққ душар еткен себеп-салдарды жоюға, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді деген сенімдеміз.

Жаңа Қазақстанды құруда «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық!», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халқымыздың ежелгі даналығын басшылыққа алу орынды деген ойдамыз. Ол әр қазақ, әр қазақстандық үшін қиындықты еңсерудің тиімді тәсілі болмақ. Себебі еліміз үшін тәуелсіздік пен бейбіт өмірден артық құндылық жоқ.

# Жетісу университетіне 50 жыл

***Жетісу университетіне 50 жыл толуына орай Медиаорталық бірнеше байқау жариялап отыр. Жетісудағы тарихы терең, ең ірі оқу орнының қоғамдағы мәртебесін арттыру үшін жарияланған байқау шарттары төмендегідей:***

## «МЕНІҢ ӨМІРІМДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ» МАҚАЛАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жетісу университетінің 50 жылдығына орай Медиаорталық университет оқытушылары мен бөлім қызметкерлері арасында «Менің өмірімдегі университет» тақырыбында мақалалар байқауын жариялайды.

Байқауға қатысушы университеттің өз өміріне әсері жайлы жазады. Оқу орнының білім алуға, кәсіби тұрғыда жетілуге, дүниетанымды арттыруға, көзқарас қалыптастыруға, дос-құрбы табуға, жақсы орта жолықтыруға, өмірді өзгертуге жасаған ықпалы жайлы өз басынан өткен оқиғаны баяндап немесе бір адамды кейіпкер етіп жазуға болады.

***1. Жалпы ережелер***

1.1.Байқау Жетісу университетінің 50 жылдығына орай оқу орнының қоғамдағы мәртебесін көтеру мақсатында өтеді.

1.2. Ұйымдастырушы – Медиаорталық

1.3. Байқауға университетте істейтін кез-келген қызметкер қатыса алады.

***2. Байқау шарттары***

2.1. Байқауға жолданатын мақала Times New Roman қарпі, 14 шрифтімен, 1-интервалында, 4 беттен аспауы тиіс.

2.2. Мақалалар 15 ақпан – 15 қыркүйек аралығында gazeta.zhgu@mail.ru электронды почтасына «Университет 50» деген айдармен жолдануы тиіс.

2.3. Мақалалар бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған болуы керек.

2.4. Тақырыпқа қатысты сурет болса, мақаламен бірге жолданған жөн.

***3. Байқау қорытындысы***

3.1. Медиаорталық қызметкерлерінен құрылған комиссия мақалаларды саралай келе байқау уақыты аяқталған соң бір апта ішінде қорытынды нәтижесін жариялайды. Үздік деп танылған мақалалар «Jetisý ýniversiteti» газетіне жариланады. Жүлделі орын алған мақала авторлары университеттің 50 жылдығына орай өтетін салтанатты жиында марапатталады.

## «УНИВЕРСИТЕТ – 50» СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жетісу университетінің 50 жылдығына орай Медиаорталық студенттер арасында «Университет – 50» тақырыбында сурет байқауын жариялайды.

Байқауға қатысушы университеттегі ғимараттар, жатақханалар, ғимарат ішіндегі көрнекі жерлердің суретін өзі қалаған ракурста, өзі қалаған жанрда салады.

***1. Жалпы ережелер***

1.1.Байқау Жетісу университетінің 50 жылдығына орай оқу орнының қоғамдағы мәртебесін көтеру мақсатында өтеді.

1.2. Ұйымдастырушы – Медиаорталық

1.3. Байқауға университеттегі шығармашылық білім беру бағдарламасының және сурет салуға икемі бар барлық студент қатыса алады.

***2. Байқау шарттары***

2.1. Суреттер 15 ақпан – 15 қыркүйек аралығында gazeta.zhgu@mail.ru электронды почтасына «Университет 50 сурет» деген айдармен жолдануы тиіс.

2.3. Суреттер бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған болуы керек.

2.4. Суретпен қоса автор туралы қысқаша мәлімет бірге жолданған жөн.

***3. Байқау қорытындысы***

3.1. Медиаорталық қызметкерлері мен Шығармашылық оқыту білім беру бағдарламасының оқытушыларынан құрылған комиссия суреттерді саралай келе байқау уақыты аяқталған соң бір апта ішінде қорытынды нәтижесін жариялайды. Үздік деп танылған суреттер «Jetisý ýniversiteti» газетіне жарияланады. Жүлделі орын алған суретшілер университеттің 50 жылдығына орай өтетін салтанатты жиында марапатталады.

## УНИВЕРСИТЕТ ЖАЙЛЫ 50 СӨЗ

Медиаорталық студенттер арасында «Университет жайлы 50 сөз» атты инстаграм әлеуметтік желісінде байқау жариялайды. Студент жеке парақшасына Жетісу университетінің фонында түсірілген фото немесе бейнеролик қойып, білім ордасы жайлы 50 сөзден тұратын жазба (пост) қалдыруы тиіс.

***Қатысу шарттары:***

1. Соңғы 3 суретке лүпіл (лайк) басып, @zhetysu.university парақшасына тіркеліңіз;

2. Комментарийде 3 досыңызды белгілеңіз;

3. @zhetysu.university @bilim_jane_gylym парақшаларын белгілеп, жазбаңызды (пост) «Сторискe» салыңыз;

Жазба (пост) астына жазылатын хэштегтер:
#ЖетісуУниверситетіне50жыл
#50летЖетысускомуУниверситету
#МОНРК
#ҚРБҒМ

Қазіргі білім беру жүйесі – мамандықтың экономикалық тұрғыда өміршеңдігі мен маманның жеке жетістігін бағдарлау, кәсіби тұрғыда жетілуін қамтамасыз ету принципіне негізделеді. Бұл принципті ұстануда білім беру процесінің білім алушыға ыңғайлы болуы және білім мазмұнын түрлі өзгеріске дайын болатындай етіп дамыту ерекше назарға алынады.

Кейінгі жылдары отандық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары академиялық ұтқырлық бойынша қарқынды түрде білім алып, тәжірибе алмасуда.

Академиялық ұтқырлық жеке дамуға және жұмысқа орналасуға жол ашады. Әрі жан-жақтылыққа, сыйластыққа тәрбиелеп, өзге мәдениеттерді игеруге мүмкіндік береді. Ал ол лингвистикалық плюрализм мен жоғары оқу орнының



# АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын студенттер сапалы білім алып, оқытушылар түрлі зерттеу бағдарламаларымен танысып, жаңа білім қорын жинақтайды. Академиялық ұтқырлықты қолдау жаңа еңбек ресурсын сапалы қалыптастыруға ықпал етеді. Ал ол өз кезегінде әлемдік еңбек нарығына да, ұлттық экономикадағы еңбек ресурсы сапасының артуына да едәуір әсер етеді. Біздің елімізде студенттердің, оқытушылардың және әкімшілік қызметкерлердің академиялық ұтқырлығына ерекше көңіл бөлінеді. Себебі, академиялық ұтқырлық – университеттерді халықаралық білім кеңістігіне интеграциялау үдерісіндегі маңызды бағыттардың бірі.

Құқық және экономика жоғары мектебі, экономика және сервис саласы бойынша БББ –нда академиялық ұтқырлық қызметін ұйымдастыру және іске асыру студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамның білім сапасын арттыруға, Қазақстандағы және шетелдердегі жоғары оқу орындарының рейтингінде оң көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

Ұтқырлықтың негізгі мақсаты – студентке таңдаған бағыт бойынша білім алуға мүмкіндік беру, жетекші ғылыми мектептерде қалыптасқан танымал білім беру орталықтарына баратын мүмкіндік жасау. Студенттердің әртүрлі мәдениет туралы танымын арттыру. Осы мақсатта экономика және сервис саласы бойынша БББ-ы келесі бағытта жұмыстар жүргізілуде:

- инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін мынандай шетелдік ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста:

М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, В.Корфант атындағы Жоғарғы Силезск экономика университеті, Лодзь университеті, С.Демирель атындағы Қазақ-Түрік университеті және т.б

Алғаш рет 6В11101- Туризм білім беру бағарламасы бойынша ТПҚ111 топ білімгерлерінен арнайы емтихан алу арқылы көптілді топ құрылды. Топта қазір 8 білімгер оқиды. 3 білімгер шет тілдерін меңгеру бойынша арнайы IELTS халықаралық тестілеу жүйесі сертификатына ие болды және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға дайындық жүргізуде.

Экономика және сервис саласы бойынша БББ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында э.ғ.д., В. Корфант атындағы Жоғарғы Силезск экономика университетінің (Польша) профессоры Stefan Dyrka экономика және сервис саласы бойынша БББ көп жылдардан бері жоғары ынтымақтастықта еңбек етуде. Профессор Д.А.Қалдияров, э.ғ.к. Г.Б. Тулешовамен бірлесіп монография жазды, докторанттарға жетекшілік жасады.

Түркияның Бурса қаласында орналасқан Улудаг университетінің профессоры Емин Атасой экономика және сервис саласы бойынша БББ-ның ұйымдастыруымен оқытушыларға арналған «Білім беру процесіне арналған ақпараттық ресурстар» атты семинар жүргізді.

Академиялық ұтқырлықтың негізгі қағидаты елдер арасында еркін қозғалу. Сол себепті осы қағиданы іске асыру барысындағы проблемаларды шешу қазіргі жоғары оқу орындарының негізгі жұмысы. Академиялық ұтқырлық студенттерге шетелде тұру және оқу мүмкіндігін береді. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, экономика және сервис саласы бойынша БББ-ның білімгерлері Роза Айдосқызы – 08.03.2021-02.07.2021ж. аралығында, академиялық ұтқырлық «терезесі» бағдарламасы бойынша Айгерим Кыдырбаева, Ақбота Мамырбекова – 01.10.2021-20.02.2022ж. аралығында 1 академиялық семестр Лодзь университетінде (Польша) онлайн форматта оқыды.




Қазір сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту мақсатында осы оқу орнында (01.10.2021-20.02.2022ж.1 академиялық семестр) Назира Дүйсенғали, Камила Мағзам білім алып жатыр. Сонымен қатар, 14.02.2022-18.07.2022ж аралығына Евгения Смольникова мен Ақбота Саинова оқуға шақыру алды.

• Университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес халықаралық ынтымақтастық қызметін жүзеге асыратын шараларды жоспарлап, жүйелі түрде жүзеге асырады.

• Оқу-әдістемелік, академиялық ұтқырлық, көптілді дамыту;

• Шетелдік–әріптес жоғары оқу орындарымен білім беру саласындағы ынтымақтастық;

• Оқу үдерісіне шетелдік оқытушыларды (профессорларды) тарту (дәріс оқу, мастер-кластар өткізу, бірлескен ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік еңбектер дайындау, семинарлар өткізу, кездесулер ұйымдастыру т.б.);

• Мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларының (оқу жоспарлары) мазмұнын шетелдік–әріптес жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларымен үйлестіру;

• Халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыту (білім алушылар мен профессор-оқытушы құрамның академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу белсенділігі, шетелдік студенттерді тарту);

• Мамандықтар бойынша көптілді білім беруді жүзеге асыру (көптілді топтардың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, тілдік курстарға қатысу).

Аталған мақсатты орындау барысында БББ-ы бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. БББ-ы ғылыми

Қорыта айтарымыз, білімгерлерді шет тілдерін үйренуге, курстар мен коммуникация клубтары мен шет тілдерін оқыту бағдарламаларын жасауға ынталандырудың маңызы өте зор. Білімгерлер шет тілдерін еркін меңгерсе академиялық ұтқырлық одан әрі дами береді және студенттердің көпшілігі ұтқырлық бағдарламасына еркін қатыса алады. Сәйкесінше, әртүрлі елдердің жоғары оқу орындары арасында өзара тиімді ынтымақтастық жиі орнайды. Академиялық ұтқырлық – жеке даму үшін де, басқа академиялық және әлеуметтік жағдайларда оқу (жұмыс) тәжірибе алмасу үшін де, сондай-ақ ЖОО-дағы білім беру процесін жаңартуда да аса қажет. Бұл – жоғары білім беру мекемесінің ғана емес, болашақ мамандардың бірыңғай еңбек нарығына қатысушы ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сол себепті бұл бағдарламаны жүзеге асыру барысында туған түрлі қиындыққа қарамастан оны дамыта беру керек деп санаймын.

**Ажар САПАРОВА,**
**экономика және сервис саласы бойынша БББ, академиялық ұтқырлыққа жауапты оқытушы.**

● *АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ*

# БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕ!



**Бархудар ГУСЕНОВ,**
**экономика ғылымдарының магистрі,**
**Жетісу университеті Жастар орталығының басшысы.**

1 наурызда Қазақстанда Алғыс айту күні аталып өтеді. Бұл мерекені өткізуге 2016 жылы Тұңғыш Президент Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болды.

Шынында да, Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған – 1 наурыздың жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және осы қасиетті елге жер аударылып келген ұлт өкілдерін туғанындай қабылдап, мейірімге бөлеген жанашыр жандарға алғыс айту күні ретінде белгіленуі әділетті. Бұл күн мейірімділік пен достықтың, барша қазақстандықтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің жарқын мерекесіне айнала алады.

Қазақстанда бұл күні саяси қуғын-сүргін мен депортациялау жылдарында осы елге келген әртүрлі этнос өкілдерін қазақ халқының қалай қабылдағанын еске алу дәстүрге айналған.

Мен әзірбайжанмын, 1937 жылы жер аударылып келген жандардың ұрпағымын. Өкінішке қарай, менің ата-бабаларымды адам тұрақтамайтын шөлейт аймаққа қоныстандырыпты. Дегенмен, тарихта қайырымды адамдарға жолығып, олардың қамқорлығын көрген мысалдар өте көп. Ондай қайырымды жандарға әрдайым бас иемін. Мен адамдарды ұлтына қарай бөлмеймін, адамның шыққан тегіне қарамастан барлығымен бірдей сөйлесе аламын. Мен үшін барлық адам жерлес, барлық адам қазақстандық, бәрі тең және жақсы.

Мен Ұлы даланы мекен еткен әзірбайжан әулетінің төртінші ұрпағымын. Біз өзіміздің кім екенімізді, қандай жолдан өткенімізді біліп, есте сақтап және жастарға жиі айтуымыз керек. Оның жарқын мысалы ретінде Қаратал ауданы Масаншы ауылындағы «Қазақ халқына алғыс» атты стелланы айтуға болады. Ауданға 1937 жылы жер аударылып келген түрлі этнос өкілдері қазақ халқына деген алғысын осылай білдірген еді.

Алғыс айту күнін тойлау дәстүрі енді-енді қарқын алуда. Соңғы жылдары жастар тәуелсіздіктің таңы атқан 90-шы жылдары не болғанын анық білмейді. Ол кезде өндіріс тоқырап, елдің әлеуметтік жағдайы тым нашарлап кетті, жалақылар кешіктірілді, күнделікті тұтынатын тауарлар халыққа жетпеді, орташа жалақы 4000 теңге болды. Бұл еліміздің Кеңес үкіметінің құрамынан шығып жаңа қалыптасып жатқан кезеңі еді. Адамдар жарқын болашақ үшін, қазіргі бейбітшілік пен келісімге, қауіпсіздікке негізделген өмір мен бүгінгі балалардың игілігі үшін еңбек етті.

Қазақстанда бейбітшілік пен келісім болуы үшін жас ұрпаққа отбасынан бастап, ЖОО на дейін жақсы білім берілуі керек. Қазақстандағы әрбір азамат ең алдымен Қазақстанның тарихын, өз халқының тарихын білу керек.

Әртүрлі этнос өкілдері міндетті түрде бір-бірімен біте қайнасып, араласып, тең дәрежеде қатар өмір сүруі керек. Араласу, тығыз қарым-қатынас орнату адамды жетілдіреді. Әр ұлттың өз әлемінде шектеліп қалуы қоғамды дамытпайды.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының мәліметінше Қазақстандағы толеранттылық деңгейі жоғары. Бұл адамдардың, әсіресе, тұрмыстық қарым-қатынаста біріңбірі ұлтына қарай бөліп-жармайтынын білдіреді. Бұл тамаша әрі Қазақстанның өзіне ғана тән ерекшелігі. Қазір біз бұл мерекені қарапайым түрде атап өтеміз, ал бір-екі онжылдықта, жаңа ұрпақ – балаларымыз бен немерелеріміз 1 наурызға ерекше мәртебе беруі әбден мүмкін.

Тарихты парақтасақ, басқа ұлт өкілдерінің көбі бұл мекенге өз еркімен қоныс аудармаған. Біреуге жер берілген, біреу қашып келген, біреу жер аударылған, біреу жазасын өтеу үшін келген т.б. Әр ұлт тіпті әр адамның себебі әралуан, барлығы жағымды емес.

Сол себепті Қазақстан халқы ең алдымен бір-біріне алғыс айтуы керек. Адамдарды қиын жағдайдан аман алып қалғаны үшін, ұлты кім болса да бір-біріне қолдау көрсеткені үшін!

**«ЛЮДИ ПЕРЕСТАЮТ МЫСЛИТЬ, КОГДА ПЕРЕСТАЮТ ЧИТАТЬ», – ПИСАЛ Д. ДИДРО. И ОН БЫЛ ПРАВ. ВЕДЬ БЛАГОДАРЯ ЧТЕНИЮ ФОРМИРУЕТСЯ ОБРАЗНОЕ МЫШЛЕНИЕ, ЧТО БЛАГОТВОРНО СКАЗЫВАЕТСЯ НА РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ. КНИГА УЧИТ КУЛЬТУРЕ, ТРЕНИРУЕТ ВНИМАНИЕ И ПАМЯТЬ. КСТАТИ, 14 ФЕВРАЛЯ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ДАРЕНИЯ КНИГ. ФОЛИАНТЫ НАХОДЯТ НОВЫХ ХОЗЯЕВ...**





**Айкен КАРАСАЕВА, директор библиотеки им. Г. Орманова**

# КНИЖНЫЙ

**— Какой возраст самый подходящий для чтения?**

— Любой. С момента когда человек научился читать и до старости лет. Читая, он развивается и познает мир.

**— Книга стала роскошью, дорогим удовольствием. На помощь в преодолении читательского кризиса может прийти библиотека. Ведь сегодня она не просто хранилище разных трудов, а скорее место, где можно узнать много интересного и полезного. А как часто студенты заглядывают к вам?**

— Мы обеспечиваем учебно-методической, научной литературой и другими видами издания, необходимыми для учебного процесса студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательский состав университета. Поэтому на вопрос «Как часто студенты берут почитать книги?», – могу сказать постоянно. Молодёжь получает разнообразную информацию для учёбы, читает классические произведения и художественную литературу.

В целях создания благоприятных условий для формирования единого научного информационного пространства была открыта электронная библиотека, которая работает библиотечно-информационной системой «КАБИС». Система КАБИС предназначена для комплексной автоматизации библиотечных процессов и создания электронных каталогов, а также полнотекстовых баз данных. Все удаленные пользователи библиотеки могут просматривать каталог с любого компьютера, включенного в локальную компьютерную сеть Университета. Разработана и параллельно идет апробация библиотечно-информационной программы, интегрированной в цифровую платформу «SMART ZhetySU».



На сайте университета есть полная информация о библиотеке, фонде, новых поступлениях, правилах пользования библиотекой, периодических изданиях, базе данных, графике работы. Читатели могут онлайн просматривать список новых поступлений литературных журналов в библиотеку.

Мы имеем доступ к Республиканской Межвузовской Электронной Библиотеке (Ассоциация вузов РК), Издательству «Эпиграф», «Акнур-пресс», Единой электронной библиотеке, КазНЭБ, а также к международным базам данных, как Thomson Reuters, Elsevier, Scopus, Polpred.com. Доступ к «Библиотечный фонд ЖУ» открыт для всех студентов и преподавателей. В этой базе более 5000 полнотекстно открывающихся книг. Она постоянно пополняется учебной литературой по заявкам высших школ. Поиск ведется по автору и названию. В личном кабинете обучающегося есть чат для связи с библиотекой, где читатели могут задать вопросы, сделать заявку на электронные версии учебников. То есть существует обратная связь. Все это дает возможность преподавателям и обучающимся университета получить расширенный доступ к учебно-методической литературе казахстанских вузов и библиотечному фонду университета.

**— Как относится к книге современная молодежь?**

— Трепетно. Уважительное и бережное отношение продлевает ей жизнь. Ведь в ней мудрость поколений. Надо относиться, как к жизни. Важно и научиться читать не спеша, внимательно вчитываясь в каждую фразу.

**— Что делать со старыми томами, которые годами пылятся на полках?**

— А у нас пользуются как и старыми, так и новыми. Особенно когда работают над научными проектами. Есть такое явление – «буккроссинг». У нас в библиотеке есть отдельный уголок. Это сообщество читателей, которые не хотят или не имеют возможности покупать, хранить книги, но читать предпочитают печатный вариант. Некий «книжный круговорот», суть которого заключается в путешествии книги по читателям. Конечно, и раньше обменивались, но, как правило, друг с другом и всегда знали, у кого она.

**— По вашим оценкам, какие книги предпочитают юные люди: электронные, аудио или бумажные?**

— Электронные прочно вошли в нашу жизнь. Особенно этим увлекается молодежь. Казалось бы, бумажная форма отжила свое, а библиотеки и вовсе не нужны. Но оказывается, по последним разработкам ученых – человеческий мозг предпочитает бумагу. Информация, прочитанная в традиционной книге, дольше остается в памяти, а сам процесс чтения становится более вдумчивым и заставляет воображение работать быстрее, чем при пользовании электронным устройством.

**— Какой жанр и авторы им больше интересны?**

— Больше всего книги берут студенты образовательных программ «казахский язык и литература», «филология», «журналистика», «история» и другие.

**— Можно ли научить любить книги?**

— Можно и нужно. Это прививается с раннего детства, когда ребенку читают сказки и он путешествует в мире сказок. Потом начинает читать сказки самостоятельно, стихи, приключения. Чтение – это способ обретения культуры, средство расширения кругозора и интеллектуального развития, посредник в общении.

**— Как привлечь студентов в библиотеки?**

— Наши студенты сами приходят в библиотеку. А мы организовываем для них книжные выставки, обзор литературы, презентации, экскурсии, семинары по ознакомлению ресурсами библиотеки, литературные вечера, викторины, конкурсы.

**— Расскажите, пожалуйста, о наиболее значимых на ваш взгляд идеях, акциях и проектах, которые вам удалось реализовать.**

— Хочу рассказать о литературном вечере, посвященный 175 летию Абая Кунанбаева, «Әлем таныған ұлы Абай». Сколько ярких впечатлений и эмоций получаешь, когда видишь с какой выразительностью студенты, профессора читают стихи, назидательные слова Абая. А исполнение песен на домбре, нашими студентами, просто завораживает. После таких мероприятий ни один студент не останется равнодушным к творчеству казахских поэтов и писателей.

**— Сколько лет посвятили профессии библиотекаря и что Вам больше всего нравится в этой работе?**

— Более двадцати лет. Мне нравится работать с книгами и молодежью, постоянно развиваться, быть в курсе всех новостей, быть образованным и культурным человеком с навыками и знаниями в литературе, других отраслях.



**— Считаете ли вы свою профессию современной?**

— Библиотекарь – профессия, которая не слишком распространена в современном мире. Более того, она не так уж и востребована, если сравнивать ее с другими профессиями. Самое хорошее в профессии – это когда помогаешь в выборе книг, в учебе, в профессиональной деятельности, а также организовываешь интересные и познавательные мероприятия, чувствуешь благодарность людей, отдачу от вложенных усилий. Благодаря этому понимаешь, что твоя работа полезна и необходима. А это самое главное!



# ВОР

Библиотека играет уникальную роль в образовании и воспитании подрастающего поколения, в формировании у студентов культуры чтения, литературных вкусов, нравственных представлений, настоящей любви к процессу познания мира. Библиотечная профессия привлекает меня еще и тем, что каждый день приносит знакомство с новыми людьми, новыми книгами, свежими номерами газет и журналов, что способствует постоянному самосовершенствованию и саморазвитию. Цифровые технологии, проникшие во все сферы человеческой деятельности, также меняют работу библиотекаря. Наши сотрудники обязаны владеть новыми информационными технологиями, навыками и знаниями. Им свойственны чуткость, отзывчивость, вежливость, внимательность.

**— Что входит в ваши обязанности?**

— К должностным обязанностям директора библиотеки относятся: осуществление руководства деятельностью библиотеки; разработка структуры и штатного расписания библиотеки; обеспечение сохранности имущества и средств библиотеки, осуществления учета, пополнение книжного фонда и фондов периодических изданий и аудиовизуальных документов; принятие мер по обеспечению библиотеки необходимым оборудованием, внедрению автоматизации и компьютеризации библиотечно-библиографических процессов; осуществление подбора и расстановки квалифицированных кадров, создание условий для повышения их профессионального уровня; обеспечение нормальных условий труда сотрудникам библиотеки, контроль за соблюдением ими производственной и трудовой дисциплины, правил по охране труда и противопожарной защиты; утверждение годовых, квартальных планов и отчетов подразделений библиотеки; установление и поддержка деловых контактов с другими библиотеками.




**— Как вы повышаете свое профессиональное мастерство?**

— Через каждые три года проводится аттестация сотрудников библиотеки, очередная аттестация была проведена в мае 2021 года. Сотрудники участвуют в работе республиканских, международных семинаров.

**— Как Вы видите будущее библиотек?**

— Современная библиотека должна идти в ногу со временем, но при этом сохранять и свои традиционные черты. Читатели в нашей библиотеке могут читать не только бумажные книги, но и электронные, а также пользоваться научными базами данных. «Наиболее привлекательная и логичная модель развития – библиотека как центр культурного взаимодействия интеллектуальной коммуникации. Такая библиотека сможет предложить читателям не только возможность стандартной работы с печатными и электронными книгами, журналами и газетами, но и целый спектр дополнительных культурно-досуговых и образовательных программ. В любом случае это будет возможностью вернуться к тому, с чего все и начиналось – уже сейчас все больше библиотек переоборудуют свои читальные залы, давая людям возможность попить вкусное кофе на уютных диванчиках во время увлекательного чтения в соответствующей обстановке».

В этом году университет отмечает свой 50 летний юбилей. И у нас отличные показатели. Мы обновили всю мебель, заменили все компьютеры на новые моноблоки, которые подключены к интернету. В библиотеке светлые, просторные, уютные залы. Сегодня библиотечное пространство – не только место, где хранят и выдают книги, здесь уютно и комфортно, это территория притяжения людей. Наши читатели с удовольствием приходят в библиотеку.

**— Ваша любимая книга?**

— Сейчас читаю книги по психологии, по личностному росту. Книги Вадима Зеланда «Трансерфинг реальности», Троцкого «Пока-я-не-Я», Тони Роббинс «Деньги. Мастер игры», Гульнар Жандосовой «Өлеңдер».

**— А что Вас вдохновляет?**

— Меня вдохновляет работа, семья и чтение книг. В книгах я узнаю много интересного о психологии отношений, о том как наполнять себя энергией, как поддерживать позитивный образ жизни.

**— Ваш читатель какой он?**

— Умный, ищущий, позитивный, творческий, любознательный. «Настоящий читатель впитывает и воспринимает каждую деталь текста, восхищается тем, чем хотел поразить его автор, сияет от изумительных образов, созданных сочинителем, магом, кудесником, художником».



**Беседу вела Алтынай МАХИМОВА**

## ● Мерейлі жас

*Шәкірттерін жақсы көрген ұстаз талапшыл әрі сыйлы болады. Өз ісіне тиянақты, ізденімпаз, шәкірт жүрегінен орын алған ұстаздар біздің университетте өте көп. Солардың бірі әрі бірегейі шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Сәния Медетбекқызы Машанова.*

*Сәния Медетбекқызы 1977 жылдан бері І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде білім беріп, білікті маман тәрбиелеп, ғылыми-зерттеумен айналысып келеді.*



# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

## (Сания Медетбекқызы 70 жаста)

*1983 жылы Германияда Теодор Нойбауэр атындағы Ерфурт қаласында тілдік тағылымдамадан өтті. 1990-2013 жылдары шетел тілдер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2002 жылы Абылай хан атындағы әлем тілдер және Халықаралық қатынастар университетінде «Шетел тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі» (13.00.02) мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 2011 жылы Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен академиялық профессор атағы берілді. Оқу орнында қызмет етіп жүрген жылдар ішінде ғалым-ұстаз Республикалық, Халықаралық конференциялар жинағына (РИНЦ, ВАК) 70-тен астам мақала жариялап, 5 оқу-әдістемелік құрал дайындаған. С.Машанова даярлаған студенттердің ғылыми баяндамалары республикалық* ***«Жастар және жаңа әлемдегі ғылым»*** *атты студенттік ғылыми конференцияларда жүлделі орындар алды.*

*2008 жылы ашылған «Аударма ісі» мамандығының оқу-жұмыс жоспарлары мен оқытылатын пәндерге қажет әдебиеттер, оқу-әдістемелік кешендер доцент Сәния Медетбекқызының басшылығымен дайындалып, жинақталды. Кафедрада әр жылы шетел тілдерінің апталығын, интерактивті әдістерді қолдана отырып, мастер-класстар өткізді. Сонымен қатар, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінде кандидаттық диссертацияларға оппонент болды.*

*Қызығы мен қиындығы мол ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі еленіп 2007 жылы облыстық мәслихаттың Құрмет грамотасын алып, 2003 жылы «ҚР білім саласының құрметті қызметкері» атанды. Төл оқу орнының «Іляс Жансүгіров» төс белгісімен, университет ректорының алғыс хаттарымен марапатталды.*




*Біз, ардагер ұстаздың ізбасарлары, Сәния Медетбекқызының шәкірт тәрбиелеудегі өмірлік ұстанымы мен адами қасиеттерінен нәр алып, әркез құнды кеңесін тыңдап, кәсіби біліктілігін үлгі тұтып келеміз. Университетіміздің дамуы мен гүлденуі жолында аянбай еңбек етіп, бар күш -жігерін білім беру ісіне арнаған өнегелі ұстаз, ғалым, ғибратты ғұмыр иесі, тәлімгер-әріптесіміз Сәния Медетбекқызы ақпан айында мерейлі 70 жасқа толды.*

*Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі мен Шетел тілдері және аударма ісі бойынша БББ-ның ұжымы Сәния Медетбекқызын 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтайды. Білікті, білімді маман ғана емес, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын, көңілі кең, кішіпейіл жанға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасына амандық тілейміз!!!*

***Mein Beruf - mein Reichtum***

*Es ist gar nicht leicht etwas zu unterrichten, weil der Lehrer ein ausgezeichneter Fachmann auf seinem Gebiet sein muss. Ich habe Glück gehabt, mit solchen wunderbaren Menschen Freundschaft geschlossen zu haben. Sie widmete Ihr Leben der Arbeit auf dem Gebiet der Hochschulbildung. Sie arbeitete 50 Jahre an der Universität. Sie liebt die Studenten und hat gute Verhältnisse mit ihren Studenten. Sie genießen unsere besondere Achtung*

***Sehr geehrte Frau Saniya Medetbekovna!***

*Ich gratuliere Ihnen zu Ihrem Jubiläum. Hierzu wünschen wir Ihnen viel Glück und Erfolg, vor allem aber gute Gesundheit, viele wundervolle Momente.*

***Mit vorzüglicher Hochachtung***
***Oberlehrerin des Lehrstuhls für***
***Fremdsprachen und Übersetzen***
***Ualjeva Saule***



Анет ИБРАИМОВ, заведующий лабораторией робототехники и мехатроники, факультет Высшая школа технических наук

# ЕСЛИ ЕСТЬ МАШИНА ИЛИ SMART PARKING

**— Цель проекта?**

— Основной целью проекта является создание системы администрирования парковки с помощью машинного зрения.

***И она будет достигнута, если решить следующие задачи:***

● разработка системы блокировки парковочного места и схемы движения, правил парковки и договора публичной оферты, тарифной сетки и системы лояльности;
● размещение правил парковки и оферты в паркинге;
● организация въезда и выезда;
● работа с посетителями паркинга;
● анализ и корректировка расположения парковочных мест, дорожной разметки, навигации в паркинге, мест расположения точек оплаты;
● Установка ограничительных столбиков и конусов;

Согласитесь, что ни один город не может стать устойчивым, если нет Умных парковок. Ведь это больше, чем необходимый городской элемент инфраструктуры. Интеллектуальная парковка позволяет людям быстро и легко находить свободные места.

Представьте себе инструмент, который позволял бы без особых усилий составить четкое представление о том, где можно найти доступные парковочные места и как надолго занято каждое место. Это также позволяет людям зарезервировать парковку заранее или, по крайней мере, точно определить желаемое место для парковки. Комплексное интеллектуальное решение для парковки может помочь сократить выбросы в атмосферу от автомобилей в городских районах за счет сокращения времени на парковку, а также позволить эффективно управлять парковкой.

Многие студенты имеют собственную машину, вследствие чего на парковках университета наблюдается острый дефицит парковочных мест. Мы считаем, что для сотрудников и преподавателей необходимо создать зарезервированные места. Для этого мы хотим прибегнуть к помощи инновационных технологий и разработать систему SmartParking. В работе нашей парковки не используются бумажные или пластиковые карты, билеты и даже RFID-считыватели. Система видеофиксации распознает лицо водителя и разблокирует одно из зарезервированных мест. Система допуска SmartParking полностью независима от человеческого фактора.

**— Откуда привезете оборудования?**

—Этим занимается отдел Госзакупок нашего университета.

**— Перечислите нужную технику до мелочей?**

— Тут основные необходимые вещи:

| № п/п | Наименование | Единица измерения | Количество единиц | Стоимость за единицу тенге | Стоимость всего, тенге |
|---|---|---|---|---|---|
| *1* | *Шлагбаум* | *Шт.* | *1* | *430 000* | *440 000* |
| *2* | *Видеокамера* | *Шт.* | *2* | *40 000* | *80 000* |
| *3* | *Jetson Nano* | *Шт.* | *2* | *10 000* | *220 000* |
| *Итого* | | | | | *740 000* |

**— Какие преимущества у Smart Parking перед другими конкурентами?**

— Новизна проекта. В 2017 году интеллектуальные парковки использовали датчики присутствия автомобилей, это было малоэффективно и экономически затратно. Но прогресс не стоит на месте и нынешние интеллектуальные парковки используют системы видеофиксации, которые считывают автомобильные номера. В отличие от всех существующих систем парковки, наша система использует распознавание лица. То есть в базе данных достаточно иметь одну фотографию водителя, а не записывать все номера его машин. Таким образом водитель может приезжать на машине с любым номером. К примеру, на автомобиле родителей, жены или детей.

**— Сколько человек в команде проекта?**

— Нас трое. Я – Ибраимов Анет Советович, заведующий лабораторией робототехники и мехатроники. Серикбаев Самат Серикбаевич, инженер-программист лаборатории робототехники и мехатроники. И Сериков Багдат Берикович, преподаватель.

**— Что нам ожидать?**

— Мы разрабатываем не физическую площадку для парковки, а систему, которая будет контролировать въезд и выезд из нее. Сначала мы установим шлагбаум, который будет открываться и закрываться под управлением. При заезде на территорию парковки будет установлена камера видеонаблюдения, она же и будет распознавать машину по номеру или же лицо водителя. Если этот человек учится или работает в университете, значит он уже состоит в базе программы. Также разработаем мобильное приложение только для сотрудников университета, чтобы они имели возможность зарезервировать парковочное место для себя заранее.

# JAS ĠALYM-2022

28 января в Жетысуском университете имени И. Жансугурова прошло награждение конкурса «Jas ġalym-2022», на грантовое финансирование проектов коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности молодых ученых.

Приветствуя участников награждения, ректор Куат Маратович выразил благодарность участникам и победителям, подчеркнув, что без их жажды творческого самовыражения и творческого потенциала все организационные и финансовые усилия администрации были бы бесполезными. И в заключение пожелал не снижать темпа, не перегореть. Отметил, что нужно ставить перед собой последовательные цели и настойчиво идти к их достижению.



На конкурс было подано 21 заявок, из них одобрены и утверждены к финансированию 8 научных проектов на общую сумму 10 млн тенге:

▪ «Создание системы умной парковки «SmartParking»», руководитель проекта Ибраимов Анет, сумма финансирования – 1 500 000;
▪ «Alakol-Akshi tour – ақпараттық-анықтамалық мобилді қосымшасы және сайты», руководитель проекта Болат Бауыржан, сумма финансирования – 1 000 000;
▪ «Разработка тренажера для подготовки к IELTS», руководитель проекта Ахметов Жалгас, сумма финансирования – 1 300 000;
▪ «Совершенствование подготовки учащихся в условиях полиязычного образования», руководитель проекта Лим Виктория, сумма финансирования – 1 500 000;
▪ «Переработка пищевых (биоотходов) отходов с помощью личинок мухи Черная львинка и производству кормового белка», руководитель проекта Камбарова Айгерим, сумма финансирования – 1 200 000;
▪ «Создание образовательного портала «ÁLEM»», руководитель проекта Оспанова Жансая, сумма финансирования – 1 500 000;
▪ «XXI ғасырдың құзыретті студент тұлғасын қалыптастыратын 10 қадам», руководитель проекта Тумабаева Мадина, сумма финансирования – 1 000 000;
▪ «Информационная система обеспечения трудоустройства выпускников (на примере Жетысуского университета им. И. Жансугурова)», руководитель проекта Токанов Мансур, сумма финансирования – 1 000 000 тенге.

Целью конкурса «Jas ġalym-2022» является поддержка междисциплинарных команд молодых ученых Жетысуского университета в коммерциализации перспективных результатов НИОКР. Программа направлена на стимулирование коммерциализации научных разработок по направлениям науки, ориентированных на укрепление связей с производством, отечественными и глобальными рынками.

Победителям конкурса вручили денежные сертификаты и дипломы.

# САЙТ ДЛЯ АЛАКОЛЬ-АКШИ



**Болат БАУЫРЖАН, студент, АЖПК 411**

**— Как Вам пришла такая идея создать сайт?**

— Летом, когда я столкнулся с проблемами при поиске пансионатов, зон отдыха, подумал о создании информационно-справочного сайта. Ведь он мог бы решить множество проблем туристов.

**— Почему именно Алаколь-Акши?**

— Для развития казахстанского туризма и привлечения большего количества зарубежных туристов, нужны свежие идеи и проекты, места. А озеро Алаколь идеальное место для этого.

**— В чем особенность вашего сайта?**

— Релевантный и оригинальный контент, понятная навигация, простой функционал, регулярное обновление сайта.

**— С чего именно начнете реализацию плана?**

— С интерфейса, а дальше сбор информации.

**— Какие функции входят в меню сайта?**

— В меню сайта входят такие функции, как «о нас», в котором можно посмотреть всю информацию о сайте. Во вкладке «Номера» можно найти свободные номера, к примеру, какая цена, количество комнат, площадь и т.д. Следующая вкладка «Мероприятия». Там вы найдете, актуальные на момент просмотра мероприятия, которые можно посетить. Во вкладке «Контакты» можно посмотреть адрес, а также контактные телефоны и эл. почту разработчиков. Будут доступны информации о таких развлечениях, как бассейн, бильярд, батут, боулинг и т.д.

**— А насчет Балхаша есть какие-нибудь замыслы?**

— Пока планируем поработать над сайтом для «Алаколь Акши». Но в будущем, возможно, будут добавлены и другие зоны отдыха, в том числе и Балхаш.

**— Для осуществления проекта хватит ли сумма финансирования?**

— Выделенная нам сумма в размере 1 000 000 тг должно хватить на 1 год. Для продолжения проекта потребуется дополнительное финансирование.

*Страница подготовлена А. МАХИМОВОЙ*

ZHANSUGUROV COLLEGE

# ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ОҚУ ОРНЫ

**ZHANSUGUROV COLLEGE ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ОҚЫТАТЫН 9 –11-СЫНЫПТАРДАН КЕЙІН ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ БАЗАСЫНДА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ РЕТІНДЕ ҚҰРЫЛДЫ ЖӘНЕ РЕКТОРДЫҢ 2018 ЖЫЛ 22 ТАМЫЗДАҒЫ № 221-П БҰЙРЫҒЫМЕН ШТАТ КЕСТЕСІНЕ ЕНГІЗІЛДІ.**



Колледж директоры болып педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәлтекбасов Марат Жабықбайұлы тағайындалды.

Өскелең ұрпаққа жол көрсету бағытында білім шаңырағы көптеген жетістікке жетті. Ұжымда 2 профессор, 24 ғылым магистрі, 6 жоғары санатты және 5 бірінші санатты тәжірибелі педагог маман 900-дей білім алушыға білім беруде.

Іргетасы 2018ж қаланған «Zhansugurov college» аздаған уақыт ішінде осы өңірдегі іргелі оқу орындарының біріне айналды. 2019-2020 оқу жылында Алматы облысы колледждері арасындағы рейтингте 7 орынға ие болса, «Үздік оқу орны» облыстық байқауында «Жетістіктер жолында» номинациясын жеңіп алды. «Zhansugurov college» – Алматы облысы бойынша алғаш рет өткен «Worldskills Қазақстан-2020» аймақтық чемпионатын 3 кезекте ұйымдастырған құзіретті орталық. Ұжым жасампаз мұратқа жету жолында бүкіл күш-қуатын ерекше ынтамен жұмсайды.

Білімді адам ғана болашаққа батыл қадам баспақ. Оқу мен білім – үздіксіз еңбектің арқасында ғана нәтижелі болады. Студенттердің білімді, жан-жақты, саналы, қабілетті болуы – қоғамның ең басты сұранысы. Ілияс Жансүгіров атындағы колледжде осы сұраныстың үдесінен шықсам деген студенттер білім алады. Қазір карантинге сай колледж ішінде тиісті шаралар бекітілген. Колледж қабырғасында білімгерлер түрлі іс-шараларға, түрлі конкурстар, жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болуда.

2020 жылдың наурыз айынан бастап елімізде ғана емес, дүниежүзінде білім беру үдерісі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі оқытудан қашықтан оқытуға күрт әрі толық ауысу білім беру саласын абдыратып қойғаны рас. Дегенмен, қазір онлайн оқыту жаһандық білімнің негізгі болмаса да, ажырамас және қарқынды дамып келе жатқан бөлігіне айналғаны барлығымызға белгілі.

Соңғы онжылдықта қашықтан оқытудың әртүрлі формалары қолданылып, көп талқыланғанымен қашықтан оқытуды тәжірибе жүзінде қолдану шешілуі тиіс бірқатар мәселенің бар екенін көрсетті. Оқу материалдарын цифрландырумен қатар мұғалімдер мен оқытушыларды оқыту, әдістемелерді жаңарту қажет болды. Ғаламтор желісі барлық жерде қолдана алатындай еркін болуы керек. Zhansugurov college-і бұл өткелден сәтті өтті. Бірнеше күннің ішінде барлық дәрістер, практикалық сабақтар онлайн форматқа ауыстырылды. Экономикалық бөлімнің мамандықтары онлайн сабақ форматына ең жақсы икемделген болып шықты, себебі бұл кәсіпте ақпараттық технологиялар жұмыс істеудің негізгі құралы болып табылады. Заманауи жастар мобильді және жаңа технологияларға ашық, ал Zhansugurov college-і түрлі жағдайда мамандар дайындау қабілеті мен заман талабына сай дайындығын дәлелдеді.

**Аида КАМБАРБЕК,**
**«Zhansugurov college»**
**209 ПД топ білімгері.**
*Жетекшісі: Самал МАМИЛИНА,*
*п.ғ.м. Zhansugurov college-нің*
*оқытушысы.*

ЖАҢАЛЫҚТАР

# ҚЫЗ БАЛА - ХАЛЫҚТЫҢ ШЫРАЙЫ




18 ақпан күні Жетісу университетінде Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің тәрбие жұмысын үйлестіруші Мадина Тұмабаеваның ұйымдастыруымен «Қыз бала-халықтың шырайы» атты сырласу кеші өтті. Қыз баланың қоғамдағы орны жайында сөз болған тәрбиелік мәні бар кешке тарихшы-этнограф, 40 жылдан астам уақыт мұғалім болған аяулы ұстаз – Минуар Құсманқызы, Жетісу университетінің қызметкері, жеңіл атлетикадан спорт шеберіне үміткер, ардақты ана – Күлсін Аханқызы және журналист, блогер, «Жетісу келіндері» байқауының жеңімпазы – Салтанат Спандиярова қонақ ретінде шақырылып, 1-2 курстың қыздарымен өмірлік тәжірибелерін бөлісті. Бірі ене, бірі келін болып отырған аналар отбасы мен жұмысты қатар алып жүрудің қыр-сырына, қыз тәрбиесінің қазақ халқына тән ерекшеліктеріне тоқталды. Заманның ағымына ілесу, жаңа дәуірдің озық үлгілерін игеру қыз балаларға аса қажет екенін ескертті.

Кездесу барысында бойжеткендер өздерінің сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті.

Кеш соңында Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің жанынан студент қыздардың «Көзайым» клубы құрылып, тұсауы кесілді. Клуб жетекшісі болып 2 курс студенті Назым Ниетжанова тағайындалды.

**Назерке НАБИКЕНОВА,**
**журналистика және ақпарат**
**БББ-ның 1 курс студенті.**

ҒАЛЫМНЫҢ
ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...



Жетісу өңіріндегі ең ірі оқу орнында 47 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, мыңдаған шәкіртке білім берген – профессор, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі Бопаев Каден Балапанұлы 80 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Бопаев Каден Балапанұлы 1942 жылы 17 маусымда дүниеге келген.

1972 жылы Абай атындағы ҚазПИ-де «01.01.02 - Дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспирантураны бітіргеннен кейін, І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтына математика кафедрасында оқытушы болып еңбек жолын бастады.

# ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ – БОПАЕВ КАДЕН БАЛАПАНҰЛЫ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

Каден Балапанұлы - аға оқытушы, доцент, математика кафедрасының меңгерушісі, университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, 1987-2008 жылдар аралығында физика-математика факультетінің деканы болып қызмет етті.

1974 жылы кандидаттық, 2000 жылы докторлық диссертацияларын ойдағыдай қорғады. Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі. 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде шет тілдерінде 5 оқу құралы бар.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылым комитетінің математика институтымен екі жақты ғылыми байланыс туралы келісім шарт жасауға көп үлес қосты.

Каден Балапанұлы «Динамикалық жүйелер теориясы» бойынша елімізге танымал ғалымдардың бірі. Оның есімі алыс-жақын шет елдерде де әйгілі және еңбектерінің нәтижесі Болгария, Польша, Түрік және АҚШ-тың ғылыми басылымдарында жарияланған.

2003 жылы ф.-м.ғ.д. К.Б. Бопаев «01.01.02 - дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика» мамандығы бойынша І.Жансүгіров атындағы университетте аспирантураның және 2007 жылы «6N0109 (6М010900) Математика» мамандығы бойынша магистратураның ашылуына зор үлес қосты.

Каден Балапанұлы - көп жылғы ерен еңбегі үшін Алғыс хаттармен, Мақтау грамоталарымен, Алматы облыстық маслихатының Құрмет грамотасымен, «ҚР-ның тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған медалімен», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «ҚР білім беру ісінің үздігі» төс белгілерімен марапатталды. Каден Балапанұлының Жетісу университетіндегі ғылымның дамуына қосқан үлесін оқу орнының ұжымы, әріптестері мен шәкірттері үнемі жоғары бағалайды.

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Жаратылыстану факультеті ұжымы Каден Балапанұлының қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.**

# КӨРКЕМ МІНЕЗДІ ЖАН

**(Мамиля Тұрғанбайқызы 50 жаста)**



*Адамның қандай болып қалыптасатыны өскен ортасына, ең негізгісі, ата-анасының тәрбиесіне тікелей байланысты. Мамиля Тұрғанбайқызының ата-анасының иманы – жүректерінде, шындығы - тірліктерінде, өнегелері - балаларында көрініс тапқан айрандай ұйыған берекелі отбасы.*

*Ұстаздық пен ғалымдықты қатар алып жүру адамды рухани байытады, ерік-жігерін шыңдайды, өмірге қызығушылығын арттырады, өмір сүрудің мәнін айқындайды. «Адамның адам болмағы – оның іс әрекетінде» десек, әріптесіміз жарты ғасырлық мерей тойының босағасын ел алдына есеп бере алатындай мәнді, мағыналы, мазмұнды қоржынымен аттады. Адамда бір сенім, иланатын ұстаным, мойынұсынатын бойтұмар болу керек. Мамиля Тұрғанбайқызының ұстанымы: тұрақтылық, моральдік беріктік, шынайылылық. Адамның мықтысы – өз өмірін өзі басқара алатыны. Бенджамин Франклин әр таң сайын өз-өзіне: «Бүгін мен қандай жақсы іс жасауға тиіспін?» әр кеш сайын: «Бүгін мен нендей пайдалы іс тындырдым?» деген маңызды сұрақ қойып отырған екен. Әріптесіміздің дәл осы ұстаныммен өмір сүріп келе жатқанына – оның атқарған істері дәлел.*

*Мен өз басым Мамиля Тұрғанбайқызын Ә.Бөкейхановтың: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген ұлы сөзін арқалап жүрген мінезді ұстаз деп білемін. Ұлт жады қатты шайқалып жатқан мына заманда ұрпақ тәрбиесіне, ұлт болашағына өз үлесін қосып келе жатқан бейнетқор тәрбиеші, ең маңыздысы, үйден шықса, жұмысқа асығып келетін, жұмыстан шықса, отбасына асығатын бақытты жан екендігіне де шүбә жоқ.*



*Ата-анасының үміт-сенімін ақтаған бала, аяулы жар, алтын асықтай балалардың анасы, ЖОО – ның Үздік оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мамиля Тұрғанбайқызының мерейлі жасын ақжарма ниетпен құттықтаймыз!*

*Мамиля Тұрғанбайқызының 1994 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін үздік дипломмен аяқтап, біздің кафедраға жұмысқа келген сәті, алғашқы таныстығымыз, үзеңгілесе жүріп еңбек еткеніміз, әріптестік қарым-қатынасымыздың достыққа ұласуы, жалындаған жастығымыз, ащы-тұщы өмір өткелдері - бәрі, бәрі көз алдымнан зулап өтіп жатыр. Қайран уақыттың қайырылуды білмес керуені- ай!*

*Сезімді достықпен бастап едім, достықпен аяқтағым келеді. Өзіңді жақсы көретін және бар екеніңе қуанатын адамдардың жанында екенін сезінуден асқан бақыт жоқ. Жан құрбым, маған осындай бақыт сыйлап жүргенің үшін мың мәрте рахмет!*

***Шара КЫЯХМЕТОВА***
***филологтарды даярлау БББ-ның жетекшісі.***

## Шәкірттер лебізі

## Алтын жүректі ұстаз

*Парасат-пайымы терең, ойласа – ойдың төрінен, сөйлесе – сөздің өрінен көрінер қадірлі ұстаз – Мамиля Тұрғанбайқызының өтірікке жаны қас қасиеті шәкірттеріне де үлгі болды. Ұшы-қиыры жоқ, тұңғиығы терең, ғылымды меңгеріп, әр шәкіртінің білім теңізіндегі желкенін тіктеуге зор үлес қосып келеді. Ұстазымыздың бұл еңбегін шәкірттік жүрегімізбен түсінген сайын, Мамиля Тұрғамбайқызына деген құрметіміз арта түседі. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп, Мағжан ақын айтқандай ұстазымыздың орны біз үшін қашанда төрде! Біз сізді мақтан тұтамыз, берген біліміңіз бен алтын уақытыңыз үшін сізге қарыздармыз.*

*Мерей жасыңыз құтты болсын! Ақ көңілді, алтын жүректі ұстазым, сізге мың алғыс!*

***Айгерім ОЖАРОВА,***
***«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты.***

## Ғылым мұхитындағы ақ желкеніміз!

*Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» – депті. Алаш арысының мұғалім жайлы айтқан ойының үдесінен шыға білген нағыз ұстаз – Мамиля Тұрғанбайқызы мерейлі 50 жасқа келіп отыр!*

*Өмір жолында еңбексүйгіштімен ерекшеленіп, қызықты да қиын мамандықтың қыр-сырын терең меңгерген сіздей парасатты жанға шәкірт болған біз бақыттымыз. Алғаш ғылым атты алып мұхитқа желкенімізді көтеріп, бет алғанымызда сізге қарап бой түзедік, әр тағылымыңыздан үлгі алдық. Университет қабырғасынан мұғалім боламын деп түлеп ұшқан әрбір жас маманның әдістемелік базасы сіздің бағдарыңызбен дұрыс жолға қойылды. Бұл ерен еңбегіңіз еліміздің нығаюына қосылған зор үлкен үлес. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!*

***Меруерт АҢСАТ,***
***«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты.***

## Өз ұстазың өзгеден ерек, орны бөлек

*Менің түсінігімде, ұстаз, ол – ұста, нағыз мастер. Жас шыбықтың түзу өсіп, тамыр жаюына себепші. Шәкірт жанына шуақ шашып, бойын түзеп, ойын нықтайтын, ерек тұлға етіп тәрбиелеп, қарсы келген әр қиындықты қасқайып қарсы алып, ғибратқа толы сабақ қылып қайтаруға баулитын бірегей жан.*

*Жетекшіміз – Мамиля Тұрғамбайқызы бізге оқушының көзіне от, көкірегіне сенім ұялатуды үйреткен, жылы сөзбен жанымызды жылыта отырып, үнемі жаңа белестерге жетелеп ширатқан, орны бөлек, қайталанбас тұлға. Мен ол кісінің қаншама сарыауыз балапанның қанатын қатайтып, өз жолын табуына алтын көпір болып отырған ерен еңбегіне бас иемін. Шәкірттеріңіз шыңдарды бағындырып, шынайы ұлт ұстазы деген атақ қана әкелсін. Сіз салған сара жолмен артыңыздан ерген дарынды ұстаздардың шоғыры көбейе берсін! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілеймін. Шаңырағыңыздан шаттық пен шадыман күлкінің ғана сыңғыры естілсін!*

***Ақниет ШАЙМҰРАТ,***
***«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті.***



## БЛАГОДАРНОСТЬ

*Выражаем от всего сердца огромную благодарность заведующему отделения реанимации областной детской больницы города Талдыкорган врачу Бегимбетову Беку Муратхановичу за его божественный талант, возвращать детей к жизни. В 02.02.2022 года нашего ребенка госпитализировали в очень критическом состоянии. Каждый день мы благодарим Аллаха, что попали именно к этому врачу, который профессионально вылечил нашего малыша. Так же под его наблюдением проводилась реабилитация. Искренне благодарим вас за ваши усилия, старания, высокий профессионализм, доброту сердца и большое мастерство. Вы замечательный врач, от Бога! И отдельное огромное человеческое спасибо медсёстрам: Васильевой Тамаре, Сламбек Молдир, анестезисту Артыкбаеву Адаю, а также санитаркам Енсебаевой Альфие, Бейсекеновой Айше. От души желаем крепкого здоровья, долгих лет жизни, исполнения желаний. Пусть вашу жизнь наполнят доброта, теплота и гармония.*

*А так же огромное благодарность всем кто сдал кровь 04.02.2022 г.*

***От родителей Нұржанұлы Али.***

**ZHANSUGUROV COLLEGE ТЫНЫСЫ**

## ЖАС МАМАНДАР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

21 ақпан күні Zhansugurov college-дің №2 жатақханасында осы колледжді 2020-21– жылдар аралығында бітірген түлектермен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты – студенттердің белсенділігін арттыру және оқу орнынан кейінгі бағытына бағдар беру.

Педагогика-психология мамандығының оқытушысы Ақжол Дәрібекұлының ұйымдастыруымен өткен кездесуде әр салада жұмыс істеп жүрген жас мамандар өздері оқыған кезең туралы, білім алудың мүмкіндіктері мен белсенді студент болудың артықшылықтары жайлы айтты. Еркін тақырыпта өткен кездесуде білімгерлер жас мамандарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

**Балауса ҚАСЫМХАН,**
**Журналистика және ақпарат БББ-ның 2 курс студенті.**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Медиаорталық басшысы**
**Баян Шаянбаева**
**Бас редактор:** Н. Дүтбаева
**Тілші:** С. Әшірбекова
**Корректор:** А. Махимова
**Дизайнер:** Н. Елшібеков
**Фотограф:** І. Базарханов

- **Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.**
- **«Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.**
- **Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.**
- **Газет айына бір рет шығады.**
- **Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187а.
**Байланыс телефоны: 223329**

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №218**
**Таралым 2000 дана**